Сыр бойы

№82
(19565)
7 МАУСЫМ,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ • 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ • WWW.SYRBOYI.KZ

PREZIDENT

ЖАҺАНДЫҚ ӨЗГЕРІС ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астанадағы Тәуелсіздік сарайында шетелдік инвесторлар кеңесінің 31-пленарлық отырысына қатысты. Жиында цифрлық трансформация, жаңа технологияларды қолдану және экономиканың одан әрі даму перспективалары жөніндегі мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы басқосуда сөйлеген сөзінде Шетелдік инвесторлар кеңесінің Қазақстандағы бизнес ахуалды жақсартуға және ұлттық экономиканы қолдауға бағытталған жұмыстарының нәтижелеріне тоқталды.

Нұрсұлтан Назарбаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысына қатысушылардың баяндамаларын тыңдап, жаһандық сын-қатерлер жағдайында ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның атқарып жатқан шаралары жөнінде айтты.

– Бүгінде біз қарқынды жаһандық өзгерістердің куәсі болып, сонымен байланысты қиындықтарды бастан өткеріп отырмыз. Оларды еңсеру үшін мен былтыр Үшінші жаңғыру жөнінде міндет қойдым. Макроэкономикалық тұрақтылық қамтамасыз етіліп, бизнес ахуалы жақсарып келеді, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев елдің одан әрі жаңғыруы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін атқарылатын жұмыстың бірнеше бағытын атап көрсетті.

– Бірінші. Бұл – реттеуші ортаны жақсарту. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс, Салық және Кеден кодекстері сияқты жаңа құжаттар күшіне енді. Кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнамалық түзетулер топтамасы қабылданды. Барлық бағыттар бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары енгізілуде, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті құқық үстемдігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік басқару ісінің сапасына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

– Екінші. Бұл – экономиканы диверсификациялау және жаңа технологияларды енгізу. Еліміз бойынша индустрияландыру аясында 1200-ден астам жаңа кәсіпорын іске қосылды. Инвестициялық және экспорттық стратегиялар жүзеге асырылуда, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті үшінші басым бағыт ретінде инфрақұрылымды жаңғырту қажеттігін атап өтті.

– Біз Еуразиялық мультимодальді көлік-транзит хабын қалыптастырудамыз. Жүзеге асырылып жатқан «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасы еуразиялық интеграцияны күшейтуге және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ұштасуға бағытталған. 5 шілдеде «Астана» халықаралық қаржы орталығының таныстырылымы болады. Бұл орталық Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының өзегіне және бүкіл Орталық Азия өңірінің хабына айналуға тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы ел көлеміндегі және өңірлердегі экономика салаларын цифрландыру үдерісіне кеңінен тоқталды.

– Төртінші. Бұл – цифрландыру. Біз «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды бастадық. Цифрлық технологияны агроөнеркәсіп кешеніне, көлік және басқа да негізгі салалардағы кәсіпорындарға енгізу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев адами капиталды одан әрі дамыту қажеттігі және білім беру жүйесін трансформациялаудың маңыздылығы жөнінде айтты.

– Бесінші. Бұл – адами капиталды дамыту. Білім беру жүйесі экономиканы жаңғырту мен цифрландыруды ескере отырып, трансформациялануы қажет. Осыған орай, келесі отырысымыздың тақырыбы ретінде «Адами капиталды дамыту» мәселесін ұсынамын, – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы сөзінің соңында Қазақстан экономикасын жаңғырту үшін бірлесе тиімді жұмыс жүргізудің маңызды екенін атап өтіп, Үкіметке Шетелдік инвесторлар кеңесіндегі жұмыс топтарында, басқосу барысында айтылған ұсыныстардың бәрін ескеріп, қарастыруды тапсырды.

akorda.kz.

YNTYMAQ

Кеше Байқоңыр қаласында Қазақстан Коммунистік партиясының ұйымдастыруымен «Қазақстан – Ресей ынтымақтастығы мен достығы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Абай Тасболатов пен Владислав Косарев, облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов қатысты. Мәртебелі меймандар алдымен орталық алаңдағы В.И.Ленин ескерткішіне гүл шоғын қойды.

ЖҰЛДЫЗДЫ ҚАЛАНЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

– Байқоңыр – стратегиялық маңызы жоғары қала. Біз оның мүмкіндігін пайдалана білуіміз керек. Осы күні Қазақстанның үшінші толқыны ғарыш саласын меңгеріп, арнайы мамандануда. Олар осы жұлдызды қалашықты дамыту үшін тер төгетін болады, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты В.Косарев.

Мәжілісмен өзінің осы қала тұрғындарының мәселелеріне байланысты түйткілдердің тарқату жолдарын ұсынып жүргенін жеткізді. Солардың бірі – көрші ел заңнамасымен салынатын мұндағы салықтың халықтың қалтасына түсірген салмағы. Депутат жұлдызды қалашықтағы білім мен медицина саласын қазақстандық стандартқа көшірген Үкіметтен салық заңнамасын да отандық жүйеге ауыстыруды ұсынып отыр. Аталған мәселенің көтеріліп жүргеніне де біршама уақыт болды. Облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов бұл түйіннің де шешілер сәті алыс емес екенін жеткізді.

– Байқоңырға жыл басынан бері бірнеше мәрте келдік. Жұртшылықпен жүздесіп, мұң-мұқтажын тыңдадық. Кәсіпкерлер мәселесінен де хабардармыз. Осыған дейін қала көгілдір отынға қосылса, енді тұрғын үй құрылысына қыруар қаржы бөлініп, жаңа баспаналар салына бастайды. Бұл күнде құрылыс алаңы дайындалу үстінде. Жер мәселесі шешімін тапты. Кейбір құқықтық мәселелер бар екені рас, алайда ол мәселеге орай екі ел де жұмыс істеп жатыр. Жақын арада шешіліп қалатынына сенім мол, – деді ол өз сөзінде.

Мәжілісмен А.Тасболатов Байқоңыр қаласын құруда еңбек еткен, құрылыс саласының ардагері Мұратбек Ниязовты ерекше атап өтіп, құрмет көрсетті. «Тарихты жасаған тұлғаларға қашан да құрметіміз жоғары» дегенді тілге тиек еткен ол облыс дамуына жоғары баға берді.

ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Бақытбек Бекпанов қаланың дамуында атқарылған біршама жұмыс және Қазақстандық стандартқа қосылған әлеуметтік нысандар мен жаңадан салынатын ғимараттар жайына тоқталды.

Жиын соңында бірқатар азамат Қазақстан Коммунистік партиясының естелік медальдарымен марапатталды.

Дәулет ҚЫРДАН,
журналист.
Байқоңыр қаласы.

ӘЛЕМДІК САУДА АЙНАЛЫМЫ
КҮРДЕЛІ СИПАТ АЛА БАСТАДЫ
2

ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ
5

ДИМАШ ТУРИЗМ ЕЛШІСІ
6

INDÝSTRIIA

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨНДІРІС ОРНЫ

Қызылорда облысындағы қуатты өндіріс орнының бірі – Жаңақорған ауданында орналасқан «СКЗ-U» ЖШС. Жаңа технологиямен жұмыс жасайтын зауыт 2007 жылы Қазақстан, Канада және Жапония мемлекеттері компанияларының құрылтайшылығымен құрылған болатын. Күкірт-қышқылы зауыты 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында салынған озық технологиялы зауыт елімізде баламасы жоқ өндіріс орны қатарында. Зауыт «Қазатомпром» АҚ-ға қарасты уран өндіретін кәсіпорындарды ең басты реогент күкірт қышқылымен қамтамасыз етеді. Оның қуаттылығы күніне 1500, жылына 500 мың тоннаны құрайды.

Кәсіпорын 200-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Күкірт қышқылын өндіру технологиясы бойынша қалдықсыз жұмыс жасауды мақсат еткен өндіріс орнында шикізатты өнімге айналдыру үлесі 99,9 пайызды құрайды.

– Тәжірибе алмасу мақсатында көптеген шетелдердегі осындай зауыттардың жұмыстарымен таныстық. Сонда байқағанымыз, біздің отандық өндіріспен шұғылданатын зауытымыз жаңа технологияны игеруде ешқайсысынан қалыс қалмайды. Ең қуанышты – қандастарымыз өндірістегі тың мамандықтарды игеруге талаптанып, құлшыныс танытуда, – дейді зауыттың бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Мәдіхан Бекжанов.

«СКЗ-U» ЖШС күкірт қышқылын өндірумен бірге электр энергиясын да өндіреді. 2013 жылы зауытта өнім өндіріле бастағанда зауыт сағатына 420 кВт-тық өзінің күн электр станциясын іске қосады. Бүгінде аталған электр энергиясы серіктестіктің жұмысшылар тұратын қалашығын толықтай жарықпен қамтамасыз етіп отыр.

«СКЗ-U» ЖШС еліміздің экономикасына үлес қосумен бірге әлеуметтік жауапкершілікті де қатар алып келеді. Қайырымдылық, демеушілік шараларынан қалыс қалған кезі жоқ. Мәселен, 2012-2016 жылдары серіктестік бұл бағыттағы шараларға 32 млн теңгеден астам қаржы бөлген. Сондай-ақ, Кейден ауылында скважина қазып, ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. Ауылдың аяқсу мәселесін шешуге де үлес қосты. Жұмысшыларының өміріне жауапкершілікпен қарайтын серіктестік басшылығы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына мән береді. Әлеуметтік пакетке толықтай медициналық сақтандыру енген. Мұнымен қоса, зауытта күн сайын қызметкерлердің денсаулығын қадағалайтын тұрақты медициналық пункт жұмыс жасайды.

Серіктестік болашақ мамандарды дайындауда да белсенділік танытуда. Мәселен, бүгінгі күнде кәсіпорын есебінен 3 студент жоғары оқу орнында, 5 студент колледждерде өндіріске қажетті мамандықтарды игеруде. Олар оқуын бітірген соң, осы зауытта жұмыс жасайтын болады. Яғни, өндіріс орны жаңа толқынмен жаңарып отырады деген сөз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

NARYQ

ӘЛЕМДІК САУДА АЙНАЛЫМЫ

КҮРДЕЛІ СИПАТ АЛА БАСТАДЫ

Оның себебі неде?

Осыдан бірнеше жыл бұрын біз әлем экономикасының даму циклдарын талдап, дағдарыс сипаттарына алдын-ала болжам жасаған белгілі орыс экономисі Николай Кондратьев туралы мақала жариялаған едік.

Кондратьевтің циклдары бойынша әлем экономикасының төмендеу толқындары созылмалы түрде 2015-2025 жылдарды, өсу толқындары 2025-2045 жылдарды қамтуы ықтимал делінген болатын. Кереметтігі сол, алдын ала ұзақ жылдар бұрын айтылған болжамдардың бүгінгі таңда біршама шындыққа айналып отырғанын атап өтпеске болмайды.

Бүгінгі таңда дағдарыс құбылысымен жаһандық нарықтағы барлық мемлекеттер бетпе-бет келіп отыр. Неліктен бұлай болды? Мұның басты себебі – соңғы уақытта 2008-2009 жылдары болған негізгі қаржы дағдарысының проблемалары толық шешілмеді. Қордаланып қалған мемлекеттік және корпоративтік қарыздар, қаржы саласы мен экономиканың нақты секторы арасындағы алшақтық осындай жағдайға әкеліп соқтырды.

Американдық сарапшылардың пікірінше, 2017 жылы жаһандық қарыздың жалпы көлемі 400 трлн долларға жетті. Оның алдағы уақытта болжап болмайтын зардаптарға әкелетін көлемді құрап отырғанын атап өткіміз келеді. Бұл мәселенің дамыған және дамушы елдерге де қатысы бар. Қордаланған қарыз инвестициялық белсенділікті әлсіретіп, экономиканы дамытудың перспективаларына көлеңкесін түсірді.

2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін АҚШ пен Еуроодақ капиталдары даму қарқыны жоғары мемлекеттерге бет бұрды. 2009 жылдың шілдесі мен 2016 жыл аралығында әлемдегі 19 дамыған мемлекетке 2 трлн доллар инвестиция құйылды. Ол әлемдік дамудың жаңа локомотивіне айналды. Көптеген сарапшылар Қытай, Индия, Бразилия, Индонезия мен басқа да елдер жақын арада АҚШ, Еуроодақ және Жапонияны жетекшілік позициядан ығыстырып шығарады деген болжам жасаған болатын.

Өкінішке орай, ауқымды капиталдар құйылған дамушы мемлекеттер де бұрын дамыған елдер киліккен проблеманы бастан кешті. Қаржы мен жылжымайтын мүлік нарығында «көпіршік» құбылысы, яғни, материалдық игілікке негізделмеген ақша тасқыны пайда болды. Өндіріс пен экспортты дамыту, арзан жұмыс күшін қалыптастыру секілді экономикалық өсім моделі өз-өзін ақтамады. Себебі, экономиканың заңдылығына қайшы әрекетке барған алпауыт мемлекеттердің инвесторлары жұмыс қолы арзан жерлерге ұмтылыс жасай отырып, сатып алу қабілеті төмен халық тобының өсуін тездетті. Сөйтіп рынокта капиталистік дүниенің өндірген өнімін сатып алуға жағдайлары келмейтін кедейлер шоғыры қалыптасты. Әлемнің бар байлығы социализм көсемдері айта беретін ат төбеліндей топтың шексіз, шетсіз байлық көзіне айналды. Кедей барынша жарлыға айналып, ауқаттылар мен жоқ-жұқалардың тұрмыс деңгейіндегі айырмашылығы шарықтап кетті.

Қазір әлемдік сауда үдерісінде Қытай мен АҚШ арасындағы текетірес шарықтау шегіне жетті. Екі елдің сауда айналымында баж салығын енгізіп, бір-бірінің аяғынан шалу үйреншікті құбылысқа айналды. Жуырда Қытай Дүниежүзілік сауда ұйымына Тарап әкімшілігінің күншығыс елінің тауарларына баж салығын енгізу бойынша мүмкіншілігіне тыйым салу қажеттігін ескертті. Қазірдің өзінде Қытай өз еліне АҚШ-тан әкелінген автомобильдерге 25 процент баж салығын енгізіп отыр. Бұл, әлбетте Трамп әкімшілігіне әсте ұнай қоймайды. Себебі баж салығы енгізілген елде сырттан келетін тауарлардың сатылуы қиындайды. Екіжақты текетірес салдарынан қалыптасқан теріс сальдо АҚШ экономикасын біршама қиындатқандықтан, Қытай жуырда автомобиль саудасына бекітілген баж салығын төмендетуге уәде беріп отыр.

Жалпы, әлемде сауда жүргізудің қалыптасқан ережелері бар. Оларды негізінен бүкіләлемдік сауда ұйымы реттейді. Бірақ соңғы кездері әлемдегі ірі державалар, оның ішінде АҚШ әкімшілігінің өзі осы ұйымның талаптарын мойындағысы келмейді. 2017 жылдың соңғы айларында АҚШ президенті Вьетнамның Дананг қаласында Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы аясында мемлекет басшыларының қатысуымен өткен саммитте американдықтардың ендігі жерде өзінің коммерциялық мүдделерін қорғау үшін көпжақты кездесулерден бас тартып, екіжақты өзара тиімді келісімдерге барытынын мәлімдеді. Бұл орайда Д.Трамп саммитке қатысушы 21 ел басшыларына ендігі жерде АҚШ-тың субсидиялау, демпинг мәселелеріне төзбейтінін мәлімдеді. Оның мәнісі мынада, соңғы кездері кейбір мемлекеттер сыртқы рынокқа (әрине АҚШ-қа) өз тауарларын әдейі арзан бағамен шығара бастаған. Осының салдарынан АҚШ тауар өндірушілері бәсекеге қабілеттіліктен айырылған. Бұл орайда президент АҚШ-тың сауда балансында 2017 жылдың қорытындысымен 450 млрд доллар көлемінде теріс сальдо қалыптасқанын мәлімдеді. Бұл қазақша ұғымға салғанда сыртқа 10 теңгенің өнімін шығарсаң, сырттан 15 теңгенің өнімін сатып алғанды білдіреді. Дүниежүзінде қазіргі таңда осындай әлемдік сауда соғысы жүріп жатыр. Мұны әдетте үшінші дүниежүзілік соғыспен байланыстыратындар бар. Иә, бүгінге дейін әлемде өз үстемдігін жүргізіп келген АҚШ-тың өзі қазір өз мүддесін қорғау үшін амалсыз әрекеттерге баруда. Бұл жалпы дағдарысты тудырып отырған әлемнің бүгінгі қарама-қайшылығы болып табылады. Таңданыс тудыратыны сол, осының барлығын 80 жыл бұрын Н.Кондратьев қалай болжаған?

Әлемдегі қайшылықтар әлбетте, Қазақстанды да айналып өтпейді. 2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының толық мүшесі болған Қазақстан енді оның талаптарын орындай бастайды. Ауыл шаруашылығын субсидиялау ережелері сол ұйымның талабына бағындырылады. Бәсекелестік ортаны қалыптастыру үшін Қазақстан қаржы рыногына шетелдік банктер келе бастайды. Бұл қадамды мемлекеттен ұдайы қаржы алуға дағдыланған отандық банк басшылары әлбетте қаламайды. Бірақ, бүгінгі тіршіліктің талабы осындай. Әлем экономикасының дамуы қаншама қарама-қайшылыққа толы болсын, оның талап-тәртібі әрдайым сақталады.

Бәсекелестік туралы қанша айтқанымызбен, бүгінгі таңда әлемде өнім өндіру емес, оны сату бірінші кезекке шығып отыр. Ал, бұл, текетірестің Қытай мен АҚШ қатынасынан көрініс беріп отырғанындай, экономикадан гөрі саяси сипаты басым. Күштілер менептілер жеңеді, болмаса...

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы».

DENSAÝLYQ

АЙМАҚТА ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Бүгінде аурудың түрі көп. Жұрттың бұрын атын естіп көрмеген дерт түрлеріне шалдығуы да жиілеп кеткендей. Соңғы уақытта елді елендетіп, халық арасында дүрбелең туғызып отырған менингококк инфекциясы да солардың санатынан.

Республикамыздың бірнеше өңірінде кездесіп отырған сырқат жайлы әркім әртүрлі айтуда, әлеуметтік желілер арқылы да тарап жатқан ақпарат аз емес. Оны оқыған жұрттың алаңы да көбейіп тұр. Негізі, адам бір нәрсе жайында қаншалықты аз хабардар болса, соншалықты үрейлене түседі. Бүгінде тұрғындардың аталған сырқат жайындағы фобия, яғни, қорқынышы да осыдан болса керек.

Менингококк инфекциясы – бактериялар тудыратын инфекциялық ауру. Менингококк бактериясының 12 түрі бар екен. Олардың алтауы адам өміріне қауіпті. Бұл бактериялар мұрын мен жұтқыншақтың шырышты қабығында болады және бір адамнан екіншісіне жұғады. Адам көп шоғырланған жерлерде ауа арқылы таралады. Инфекция ылғалды ауада тез тарап, өрши түседі екен.

Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов хабарлағандай, бұл инфекция әлемнің 155 еліне таралған. Антибиотик шықпай тұрғанда науқастардың 70 пайызы өліп кеткен. Қазір әр 10 адамның 9-ын аман сақтап қалуға болады екен. Мәліметтерге сүйенсек, Еуропада 100 мың адамға шаққанда – 5 адам, Африкада 100 мың тұрғынға шаққанда – 20 адам, Украинада -8-10 адам ауырады. Жоғарыда адамдардың бір жерде көп шоғырлануы кезінде ауруды жұқтыру қаупі артатынын айттық. Мәселен, қажылық кезінде жаппай осы кеселге шалдығу фактілері бірнеше мәрте орын алғаны белгілі. Яғни, Еуропада оның тұңғыш рет тарауы қажылықпен байланысты болған. Қажылыққа дейін ол елдерде менингококкпен ауыру 1-2 процеттен аспаса, қажылықтан кейін 30 процентке өскен. Содан бастап Меккеге немесе Мединаға қажылыққа барушылардан екпе міндетті түрде талап етілетін болған.

Республикада менингококк инфекциясы бүгінде Алматы, Астана қалаларында орын алып отыр. Әсіресе, Алматы қаласында белең алуда. Біздің облысымызда да бір жағдай тіркеліп, арты қайғылы аяқталды. Нақтырақ айтқанда, осы жылдың 31 мамырында Жаңақорған ауданының тұрғынынан инфекция анықталған. 27 жастағы азамат аудандық ауруханаға жатқызылып, 2 маусымда көз жұмды.

Бүкіл елді алаңдатқан мәселе қазір Үкімет басшысы Б.Сағынтаевтың тікелей бақылауында тұр.

Біздің облыста да бірнеше мәрте сала мамандары тарапынан брифингтер өткізіліп, жағдай түсіндірілді.

Облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Ұлбосын Аханаева науқаспен қарым-қатынаста болған 65 адам анықталып, олардың барлығынан тиісті анализдер алынып, зертханалық тексерулер жүргізілгенін айтты. Бүгінде 50 адамның зерттеулері теріс нәтиже берген, қалған 15-і зерттелу үстінде. Қарым-қатынаста болғандардың барлығы 10 күн бойы мамандар бақылауында болмақ.

– Қазіргі кезде эпидемиологияға қарсы және профилактикалық шаралар ұйымдастырылуда. Аудандық аурухана қызметкерлері үй аралау арқылы аталған сырқатқа күдіктілерді анықтау және ақпараттандыру шараларын жүргізуде, сонымен бірге барлық емдеу, алдын алу ұйымдары, «Жедел жәрдем» қызметі күшейтілген режимде жұмыс жасауға көшті. Медицинақызметкерлеріарасындаарнайысеминарлар ұйымдастырылып, аурудың клинкасы, емі жөнінде кеңінен түсіндірілуде. Тұрғындар арасында да аурудың алдын алу шаралары жөнінде жан-жақты мәліметтер берілуде, Call орталықтары ұйымдастырылды,– деп атап өтті департамент басшысы.

Ұ.Аханаева Қызылорда менингококк инфекциясы бойынша қауіпті аймақ қатарына жатпайтынын айтады. Себебі, бізде ауа райы құрғақ әрі ыстық. Мұндай ауа райында инфекция таралмайды екен.

Тағы бір айта кетерлігі, бүгінде ауруға қарсы ақылы негізде вакциналау жұмыстары жүргізілуде. Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов оның ақылы болуын да түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, елімізде бұл ауру сирек кездеседі. Сондықтан да ол Қазақстанның ұлттық тегін екпелер күнтізбесіне кірмеген. Күнтізбеге кірмеген екпе ақылы түрде ғана салынады. Министрдің мәлімдеуінше, Қазақстанда вакциналау мәселесі 100 мың адамға шаққанда 10 науқас тіркелген кезде көтеріледі. Қазір бұл көрсеткіш 7 еседей төмен.

Біздің облыста вакциналау №6 қалалық емханада жүргізілуде. Бельгиялық вакцинаның аймаққа 50 дозасы жеткізілген.

Кеше өткен брифингте облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Ұ.Аханаева аймақта менингиттің жаңа жағдайы тіркелмегенін жеткізді. Кешелі бері аурудың алдын алу бағытындағы жұмыстар қарқынды түрде жүргізілуде. Бірнеше мәрте облыстық штаб отырыстары өткізіліп, жағдайға сараптама жасалуда. Облыста эпидемиологиялық ахуал тұрақты деп бағалануда. Сондай-ақ, департамент басшысы екі күннен бері жедел жәрдем шақыртушылар санының күрт өскенін айтты.

– 5 маусымдағы мәлімет бойынша жедел жәрдем қызметіне жүгінгендер саны облыс бойынша 1300-ді құрап, шақырту 25 процентке артып отыр. Оның ішінде дене қызуына байланысты шақыртулар 15 процентке артқан. Бұл дегеніміз, тұрғындардың аталған сырқат жайында хабардар болғанын, өз денсаулықтарына бейжай қарамайтынын білдіреді, –деп атап өтті ол.

Ұ.Аханаева тұрғындар барынша жеке бас гигиенасын сақтауға көңіл бөлулері қажет дегенді айтады. Әсіресе, жас балалардың қолды жиі жууын, таза жүруін бақылау қажет. Егер қандай да бір мазасыздық болған жағдайда дереу дәрігерге қаралуды естен шығармаған абзал.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

BASPASÓZ TÝRY

ЖАНҒА САЯ, ДЕРТКЕ ДАУА

Жуырда өңірлік коммуникациялар орталығы аймақ журналистеріне арнап Жаңақорған ауданындағы емдеу орталығына баспасөз турын ұйымдастырды.

Аудан орталығынан солтүстік-шығысқа қарай, Өгізмүйіз тауының етегіндегі сайлы-жыралы келген жазығында облыстық ересектерге арналған туберкулезге қарсы санаториясы орналасқан. «Шалқия шипажайы» деп аталатын мекеме 1999 жылдан бері науқастардың дертіне шипа болып келеді. Тұмса табиғаттың етегіндегі шипажайдың ерекшелігі туралы мекеменің бас дәрігері Ерғабит Ілиясов айтып өтті.

Теңіз деңгейінен 2700 метр биіктікте орналасқан шипажайдың табиғаты ерекше. Жазы жайлы, қысы жұмсақ. Ауруынан айығып келе жатқан жанның салмақ қосып, әл шақырар аурасы бар жер. Мұнда ауа райының өзі адамға ерекше қуат беріп, сергітеді. Ал, шипажайдың ас мәзіріне қымыз, шұбат, құнарлы тағамдардан бөлек жеміс-жидек, көкөністер кіреді. «Мұның барлығы әлсіреген ағзаны тез аяққа тұрғызып жібереді», дейді мамандар.

– Шипажай жыл он екі ай жұмыс істейді. Емдік-сауықтыру процесі іркіліссіз жүреді. 150 орынға лайықталған санаторияда төрт бөлім облыс тұрғындары үшін қалтқысыз қызмет көрсетеді. Жоғары санатты 9 дәрігер, 37 орта буын дәрігер және медбикелер мен аяжандар жыл сайын квалификациялық білімдерін, деңгейлерін көтереді. Бізде бактериологиялық, клиникалық және биохимиялық зертханалар жұмыс істейді. Бұл өз кезегінде науқас жанның ағзалық, физиологиялық өзгерістерін бақылап,

тез сауығып шығуын қадағалайды, – деді Ерғабит Орманұлы.

Шипажайда науқастарға барлық жағдай жасалған. Массаж, ингаляциялық және физиотерапевтік емдік шаралар, ЛФК, еңбек терапиясы, тіс емдеу кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, кітапхана қызметі мен зейіндік ойындар науқас көңілін аулап, жады терапиясын қалыптастырады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».
Жаңақорған ауданы.

TURǴYNDAR SHAǴYMY

Ауласыз үй – қолайсыз күй

Қала орталығындағы «Меруерт» тұрғын үй кешенінде көлік қоятын тұрақ жоқ. Балалар ойнайтын ауламен жабдықталмауы да тұрғындарға оңай тимей отыр. Арнайы тұрақтың болмауы тұрғындардың көлікті үйдің дәл алдына қоюы үйреншікті жағдайға айналған. «Жедел-жәрдем» немесе такси шақырту ондағы әрбір адам үшін мұң. Үйдің маңайы толған көлік, кептеліс. Осы мәселенің бір шешімі бола ма?», – деп редакцияға хабарласқан еді осы үйдің қарт тұрғыны, Социалистік Еңбек Ері Сәлима Жұмабекова.

Бардық, көрдік. Шын мәнінде, ауласы жайсыз тұрғын үйдің қолайсыз күйі көзге ұрып тұр.

– Алғаш қоныстанған кезде осы жерде ағаштар бар еді. Саясында бір уақ көлеңкелеп отырушы едік. Оның барлығын отап, көлікке арналған темір бастырмалар салып тастады. Көліктердің кесірінен көк түтінге тұншығып өлетін болдық. Осы уақытқа дейін бейнет кешіп, енді зейнетін көреміз бе дегенде жағдайымыз осы. Әрқайсысына айтарымызды айттық, оны тыңдар құлақ жоқ. Социалистік Еңбек Ері марқұм Ұзақ Еспановтың егіп кеткен талдары бар еді. Кесіп тастады. Біреуі ғана қалып еді, енді соны отамақшы. Аула тар, көліктің түтін иісі қолқаны қауып, тынысты тарылтады. Есік, терезе ашуды қойдық, – дейді Сәлима әже.

Тұрғындар қауіпсіздік үшін автокөлік жүруіне шектеу қойғысы келеді. Балалардың қауіпсіздігі үшін алаңдайды. Бірақ көлігі бар тұрғындардың оған көнгісі жоқ.

Әдепкіде өжірені жерасты автотұрағы етуді көздеген. Бірақ өкінішке орай, ол да шешімін таппаған тәрізді. Бұрын аулада балалар ойнайтын екі алаң болған екен. Алайда көлігінің жайын күйттегендер оны да тұраққа айналдырып алған.

– Бәрінен бұрын немерелеріміз үшін алаңдаймыз. Көлік қағып кетеді деп артынан жүгіріп жүргеніміз. Кешкілік аула толы машина арасынан адам жүретін жол таппай қаламыз. Беті аулақ, оқыс жағдай туындап, өрт шықса, бұл жерге өрт сөндіру машинасы келе алмайды. Ол түгілі такси де кірмейді. Өткенде осы үйдің 50 тұрғыны қалалық әкімдікке балалар алаңын салып беруді өтініп хат жазған едік. Оған да жауап болмады, – дейді осы кешен тұрғыны Меруерт Бақбергенова.

Білуімізше, бұл тұрғын үй ешқандай пәтер иелері кооперативіне қосылмаған. Қалай болғанда да, ауласыз үйдегі тұрғындар шағымын елемеске болмайды. Біз тұрғындар тілегін жеткіздік, ендігісін тиісті өкілдіктер тиімді жолмен шешер деп сенеміз.

Н.САҒАТҰЛЫ.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 1114 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 29.05.2018 жылы № 6299 тіркелген

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) «Қоғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Кемелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кемелетке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) «Кемелетке толмаған балаларға мешік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) «Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

8) «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

9) «Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

10) «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баланың кедергісіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

11) «Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

12) «Шұғыл білім алушылар сәді мектептерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлерде тегін тасымалдауды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

13) «Жалпы білім беретін мектептерді білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

14) «Мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін қажаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

15) «Мәдениті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарын мемлекет төлейтін жеке тұлғалар туралы деректерді өзектендіру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р. Рүстемовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Кошербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «14» мамырдағы № 1114 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 127 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5142 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести», «Сыр бойы» газеттерінде 2015 жылғы 1 қазанда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 қазанда жарияланған).

2. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 179 қаулысын өзгертер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 372 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5201 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести», «Сыр бойы» газеттерінде 2016 жылғы 5 қаңтарда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 19 қаңтарда жарияланған).

3. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 179 қаулысына өзгертер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 798 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5887 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести», «Сыр бойы» газеттерінде 2017 жылғы 4 шілдеде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 шілдеде жарияланған).

4. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 179 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қазандағы № 904 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6004 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести», «Сыр бойы» газеттерінде 2017 жылғы 4 қарашада және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 8 қарашада жарияланған).

6. «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баланың кедергісіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 908 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5887 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести», «Сыр бойы» газеттерінде 2017 жылғы 4 шілдеде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 шілдеде жарияланған).

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «14» мамырдағы № 1114 қаулысымен бекітілген

«Қоғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11184 болып тіркелген) бекітілген «Қоғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама) немесе стандартқа 11-тармақта көрсетілген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту).

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз жүзінде алуға жүгінгенде жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта рәсімделеді, қағазға басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолымен және мөрімен расталады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеттік ықтамалы (электрондық цифрлық қолтаңбысымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне Мемлекеттік корпорацияның өзара іс-қимыл сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға стандартқа 9-тармақпен сәйкес құжаттар топтамасын мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде портал арқылы электрондық құжат нысанында сұраныс жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы уақытты:

1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға стандартқа 9-тармақпен сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: құжаттар топтамасын қабылдау;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық сұранысын қабылдағаны туралы хабарлама жолдайды (бір жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: электрондық сұранысты тіркеу, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинеті» арқылы көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (15 минут ішінде);

3) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және анықтамаға немесе дәлелді бас тартуды қол қояды (бір жұмыс күні ішінде). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: қол қойылған анықтама немесе дәлелді бас тартуды қабылдау;

4) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдау;

10) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкіліне (бұдан әрі – оның өкілі) береді (он бес минутқа аспайды). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен өзге ұйымдардың өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) мен өзге ұйымдардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері;

2) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері;

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

5) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимыл тәртібі рәсімдеу мерзімдерімен сипатталған әрбір рәсімнің (іс-қимылының) ұзақтығы көрсетілген 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексерін-қарау актісін (бұдан әрі - тексеру актісі) жасайды, қауымдық жобасын немесе дәлелді бас тартуды дайындайды (тексеру актісін жасау - күнтізбелік он күн ішінде; қауымдық жобасын немесе дәлелді бас тартуды дайындау - күнтізбелік бес күн ішінде). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қауымдық жобасын немесе дәлелді бас тартуды қол қою үшін ұсыну.

9) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдау;

10) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкіліне (бұдан әрі – оның өкілі) береді (он бес минутқа аспайды). Рәсімнің (іс-қимылының) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне беру.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

9. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезіндегі жүгіну тәртібін және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алушы және сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) мен парольдің кілті арқылы порталда тіркелгі жүйесі ашылады (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүгіну ашылмады);

2) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерінің (бұдан әрі – МАЖ) мен парольді (растау үдерісі) енгізеді;

3) ЖСН мен пароль енгізілгеннен кейін порталда ЖСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің шынайылығы тексеріледі;

4) көрсетілетін қызметті алушы «Қоғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» қызметін таңдайды, осы кезде экранға қызмет көрсету үшін электрондық сұраныс нысаны шығады және көрсетілетін қызметті алушы оның ішінде қажетті мәліметтерді толтырады, сондай-ақ бақылау тізімдерді (деректерді) енгізуі;

5) көрсетілетін қызметті алушы өзінің ЭЦҚ-сын арқалы мемлекеттік қызметті көрсетуге тоғытылатын сұраныстың нысанына қол қояды;

6) порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі және жойылмағандығы алынған (жойылған) тіркеу тізімінің (бұдан әрі – ТТС) болмауы, сондай-ақ, сәйкестендіру деректерінің (порталда көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы) сәйкестігі тексеріледі;

7) ЭЦҚ қолданылған электрондық құжат (көрсетілетін қызметті алушының сұранысы) «электрондық үкіметтің шлюзі»/«электрондық үкіметтің өлшемдік шлюзі» арқылы электрондық тізбекке жіберіледі;

8) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жауабы (анықтама) қарастырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жолданады (бір минутқа аспайды).

Егер жағдай сол күйінде қалар болса, жүйе күйреуге ұшырайтын еді. Сол себепті Қазақстан зейнетақы жүйесіне реформа жасауды ұйғарды. Және ТМД елдері арасында мұны бірінші болып жүзеге асырды. Реформа авторлары халықаралық тәжірибелерді мұқият зерттеп, құрамында жинақтаушы құрамдауышы бар аралас зейнетақы жүйесін таңдады. Осыған сәйкес 1997 жылы маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы 1998 жылы 1 қаңтарда күшіне енді.

Алғашында жаңа зейнеткерлік жүйенің артықшылықтары айқын байқалмады, айлық жалақының зейнетақы қорына аударылатын 10% мөлшерін адамдар салық ретінде қабылдады. Олар бұл жарналардың жеке зейнетақы шоттарында жинақталатындығын, болашақ зейнетақының осы жинақтардың есебінен төленетіндігін анық түсіне алмады.

Зейнетақы қызметтері нарығында бірінші болып Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (ГНПФ) пайда болды. Кейін біртіндеп жеке зейнетақы қорлары құрыла бастады және олар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына маңызды үлес қосты. Мысалы, салымшылар қорды өздері таңдап, оны ауыстыруға немесе мүлдем таңдамауға құқылы болды. Бұл жағдайда зейнетақы жарналары автоматты түрде ГНПФ-қа түсетін.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары бәсекелестік ортада салымшыларға тиімді шарттар ұсынуға тырысты. Алайда олар негізінен зейнеткерлік активтерді барыншы табысты және тәуекелді қаржы құралдарына инвестициялады. Құнды қағаздарын жеке қорлар сатып алған компаниялардың бір бөлігі 2007-2010 жылдары Қазақстанның қаржы нарығындағы дағдарыс кезінде дефолтқа жол берді. Сонымен қатар кейбір қорлар тарапынан үлестес тұлғалармен көпе-көрінеу шығынды мәмілелер жасалғандығы анықталды. Сондай-ақ, жеке қорлар зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды әрқалай есепке алатын. Бұл салымшылардың бір емес бірнеше шотының болуына әкеліп соқты.

Азаматтардың жинақтарын басқару тиімді әрі қауіпсіз болуы үшін 2013 жылы ГНПФ базасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды (БЖЗҚ). Жеке қорлардың активтері БЖЗҚ-ға берілгеннен кейін әкімшілік және операциялық шығындар қысқарды, сондай-ақ комиссиялық сыйақылардың мөлшері де екі есеге азайды.

Салымшылардың бірыңғай базасының құрылуы арқасында қате ашылған техникалық шоттардың саны қысқарды. Одан басқа, БЖЗҚ жеке қорлардан мұра болып қалған мұндай шоттардың санын азайту бойынша жұмыстарды белсенді жүргізіп келеді. Енді үлестес тұлғалармен көпе-көрінеу залалды мәмілелер жасасу тәуекелі жойылды. «БЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен қаржы құралдары тізіміне сәйкес, ҚР Ұлттық Банкі инвестициялайды.

Бұл ретте БЖЗҚ-ның құрылуы зейнетақы жүйесінің өзгеруіне әкеп соққан жоқ. Қазақстанның зейнетақы жүйесі бұрынғыдай үш деңгейден тұрады: ортақ және базалық зейнетақы, сондай-ақ жинақтаушы бөлік.

ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Қазіргі таңда төлем карталары жеке тұлғалар үшін тиімді төлем құралы болып табылады. Бүгінде осы саладағы қызмет көрсету нарығында әртүрлі карталық бағдарламаларды қамтитын кең қызмет өрісі қалыптасып отыр. Төлем карталарының көмегімен үлкен сауда орындары және мейрамханаларда есеп айырысуға болады. Бұл орайда сауда орындары карта иелеріне сауда жеңілдігін жасай алады. Сонымен бірге төлем карталары арқылы коммуналдық төлемдер ақысын төлеуге, байланыс қызметімен есептесуге, салықтар төлеп, несиелерді өтеуге болады. Сондай-ақ, аптаның кез келген және тәуліктің кез келген уақытында аударымдар жасауға болады, осының нәтижесінде банктерге барып бланкілер толтырудың қажеттілігі жоғалады.

Республикада төлем карталары нарығында қолма-қолсыз төлемдер жасаудың өсу қарқыны сақталып отыр, оның ішінде мобильді банкинг интернеті құралы арқылы, сондай-ақ карталарға қызмет көрсететін жүйенің кеңеюі есебінен жүзеге асырылатындар да бар.

2018 жылдың 1 мамырына төлем карталарын шығаруды 25 банк және «Қазпошта» АҚ жүзеге асырады. Аталған ұйымдар халықаралық жүйенің төлем карталарын (олардың үлесі 99,6%) шығарып таратады. Олар: VISA International, MasterCard-Worldwide, UnionPayInternational және AmericanExpressInternational. Сонымен бірге Қазақстанның банктері мынадай локалдық жүйенің төлем карталарын шығарады: Altyn Card – АҚ «Қазақстан Халық Банкі» және Қазақстанның Ситибанк Қазақстан АҚ «Ситибанк Қазақстан».

2018 жылдың 1 мамырына 20,5 млн төлем карталары айналымда жүр, ал оларды ұстаушылардың саны 17,9 млн адам. 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда оның өсімі тиісінше 25,6% және 21,5% болды. Неғұрлым көп таралғандар дебет карталары болып табылады. Олардың үлесі 82,5%, несие карталарының үлесі 14,8% несиелік лимиті бар дебет карталарының және алдын ала төленген карталардың үлесі тиісінше 1,6% және 1,1%.

2018 жылдың сәуіріне қазақстандық эмитенттердің төлем карталарымен жасалған транзакция көлемі 1515,7 млрд теңге болды. 2017 жылдың сәуірімен салыстырғанда өсім 50,4%. 2018 жылдың сәуірінде транзакция саны 57,5 млн транзакция болып, 2017 жылдың сәуірімен салыстырғанда 67,6% өсті. Сонымен бірге қолма-қолсыз төлемдердің саны 125,9% өсті (саны 35,3 млн транзакция) 131,6% құрады. Оның көлемі 449,5 млрд теңге болды. Ал қолма-қол ақша алу операциясының өсімі 18,8% (саны 22,2 млн транзакция) болып, өсімі 1066,2 млрд теңге құрады.

Қолма-қол ақшаларды берудің негізгі бөлігін банкоматтар жүйесі жүзеге асырды. Оның үлесі 94,5% құрайды.

Қызылорда облысының аумағында 2018 жылғы 1 мамырдағы дерек бойынша 321 банкомат және 1785 POS терминал жұмыс істейді және олардың саны дәйектілікпен өсіп келеді.

Облыста төлем карталарына қызмет көрсету бойынша инфрақұрылымдар былайша сипатталады: POS терминалдардың саны 1785 (+3,1%) бірлік, банкоматтар 321 (+3,2%) бірлік, банк киоскілері – төлем терминалдары 476 (-1,6%). Карталарды төлеуге қабылдаған сауда нүктелері 935 (+8,7%).

Жаңадан пайда болған мультивалюталық банкоматтармен кез келген (теңге, евро, доллар) 3 валютаны карта арқылы алуға болады. Сондай-ақ, теңгелік және валюталық карталармен бірге төлем карталарының нарығында 3 валюталық есепті ұстауға мүмкіндік беретін мультивалюталық төлем картасы бар. Бір картаның болуы шетелге шығу кезінде валюталық тәуекелдерді әртараптандыруға ыңғайлы болып саналады.

Алайда төлем карталарының айрықша артықшылығына қарамастан, ол толық көлемде пайдаланылмай отыр. Төлем карталарының көпшілігі жалақы жобаларына пайдаланылады. Осының негізінде банкоматтардан ақша алынады. Көптеген операциялар жалақы, зейнетақы немесе шәкіртақы алу үшін жасалады.

Ал еліміздің аймақтарына келетін болсақ, төлем карталары рыногының дамуы негізінен сол өңірдегі халықтың әлеуметтік даму деңгейіне, сол аймақтағы сауда кәсіпорындарының шоғырлануына, онда орналасатын сауда терминалдарына байланысты болады.

Қызылорда облысында 2018 жылдың 1 мамырына төлем карталарының саны 550,4 мың дананы құрады, бұл 2017 жылдың тиісті кезеңінен 15,3% жоғары. Осы кезеңде карта ұстаушылардың саны 488,3 мың адам болды. Пайдаланылған төлем карталарының саны 291,6 мың бірлік немесе өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тиісінше 13,1% және 7,8%. Осылайша облыс халқының 62%-і карта өнімдерін белсенді пайдалануда.

2018 жылдың сәуірінде Қызылорда облысында төлем карталарын пайдалана отырып қолма-қол ақша алу операциялары 681,0 мың транзакция немесе 32718,9 млн теңге құрады. Өсім тиісінше 23,3% және 36,5%.

Қызылорда облысында төлем карталарын пайдалану дәйекті түрде өсіп келеді. Сонымен бірге бұл салада жаңа қызмет түрлері көрсетілуде. Сондай-ақ, халық арасында бұл бағыттағы жұмысты өрістетудің насихаттық маңыздылығы арта түсуде. Бұл орайда мақалалар жариялап, оларға халық назарын аударып отыру маңызды шарт болып табылады.

Ақмарал ӘЛІБЕКОВА,
Қазақстан Ұлттық Банкі
Қызылорда филиалының
бөлім басшысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТІЗГІНДЕУГЕ ТҰТАСТЫҚ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлық ежелден қоғамдық өмірдің ажырамас атрибуты болып келе жатқаны барлығымызға мәлім. Ол – мемлекеттің саяси сипатын төмендетіп, беделін түсіретін қауіпті құбылыс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Осы орайда, Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті салық төлеушілердің Қазақстан Республикасы салық заңнамасын орындалуын бақылау, сондай-ақ салық қызметі органдарының жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының орындалуына жүргізетін тексеру барысында сыбайлас жемқорлықтың туу салдарын болдырмауға бірінші кезекте үлкен мән беріп отыр. Кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жұмыстарын жүргізу барысында салық төлеушілердің құқығының сақталуын қамтамасыз ету, келіп түскен өтініштер бойынша уақытылы бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізіп, өтініштерді жауапсыз қалдырмауға жұмыстар жасалынуда. Мемлекеттік қызметкерлердің моральдық бет-бейнесін көтеру үшін профилактикалық шаралар жүргізілуде. Қызметкерлер үнемі салық, әкімшілік және жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын қатаң сақталуын қамтамасыз етуде.

Жемқорлыққа қарсы күрес – бұл қоғамның біртұтас жұмысы. Тек ортақ күш-жігерімен мемлекеттік қызметкер де, салық төлеуші де оған қарсы тұрса, мемлекет қойған басты басымдық пен мәселені шешуге әбден болады.

Қорыта айтқанда, әрбір мемлекеттік қызметшінің өзіне бекітілген қызмет міндетін мүлтіксіз орындауы, сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алудың негізі болады. Және сыбайлас жемқорлық сипатындағы көріністерге бірге қарсы тұрғанда ғана біз оны жеңе аламыз.

С.ҚАРҚЫНБАЕВА,
Қызылорда облысы бойынша
мемлекеттік кірістер
департаментінің
бас маманы.

ҚОР МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ ҚАНДАЙ ЖОЛМЕН ТӨЛЕНІМДЕР ЖАСАЛУДА?

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (Қор) 2017 жылдан бері III кезең бойынша жұмыс атқаруда.

I кезең – тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) шеңберінде қызмет көрсетуден үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің 2017 жылдың қыркүйек айында дерекқоры қалыптастырылды.

II кезең – «Тұрғындарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына тіркеу науқаны» 2017 жылдың 15 қыркүйек пен 15 қараша аралығында жүргізілді.

III кезең – қор республикалық және аумақтық комиссия мүшелерін бекітті. Республикалық комиссия мүшелері жоғары стационарлық көмек және республикалық деңгейдегі медициналық ұйымдардың өтінімдерін қарап, мемлекеттік тапсырыс негізіндегі ТМККК орналастырады. Аумақтық комиссия мүшелігінде қор филиалы, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, «Атамекен» ҚР ҰКП, «Республикалық медициналық палата», Денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы мен медициналық қоғамдық бірлестіктер болып табылады және стационарлық көмек, емханалық көмек, жедел жәрдем, диагностикалық көмектер мен т.б. медициналық көмектерді көрсететін медициналық ұйымдар таңдаудан өткізілді.

Қордың қазіргі жағдайы: Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мақсаты кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетінің қаржы операторы, ал, жақын болашақта медсақтандыру пакеті бойынша стратегиялық сатып алушы ретінде жекеменшік секторды қызмет көрсетуге көбірек тарту, сол арқылы медицина нарығында бәсекелестікті күшейту. Өйткені, бәсеке бар жерде сапа болады. Осы мақсатта 2017 жылдың қыркүйек айында қор аталған бағдарлама шеңберінде қызмет көрсетуге ниетті денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын жасаған болатын. Дерекқорға енгізілген медициналық мекемелер 2018 жылға халыққа «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі» бойынша көмек көрсететіндер. Мемлекеттік тапсырысты орындауға ниетті, әрі әлеуеті жетеді деген 1300-ден астам денсаулық сақтау субъектісі дерекқорға енді. Оның 43 проценнтен астамы жекеменшік клиникалар. Бұл 2017 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда екі есе көп. Жекеменшік ұйымдардың қор бастамасын қолдап, медициналық қызмет көрсетуде белсенділік танытқанын көрсететін негізгі дәйек. Ал, жекеменшік клиникалармен бекітілген келісімшарттардың жалпы сомасы биыл әзірге 95 млрд теңгені құрап отыр. Бұл да өткен жылдардағы көрсеткіштен 2 есе көп. Сонымен қатар, биыл алғаш рет аталған процеске еліміздегі ірі-ірі жекеменшік клиникалар қатысуда. Облыс бойынша қордың дерекқорына 83 медициналық мекеме тіркелді. Оның 49-ы жеке клиникалар, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 2 есеге, яғни, 45%-ке артып отыр. Қазіргі уақытта облыс бойынша 36 млрд теңгеге 68 медициналық мекемемен келісім-шарт бекітілді. Оның 32-сі, немесе 47,1 проценті жекеменшік клиника.

Қор тарапы жыл басында арнайы медициналық мекемелермен келісім-шартқа отырғанда толық бөлінген сомманың 30 проценті шамасында аванстық соммасын аударып берді. Қазіргі кезде ай сайын ТМККК көрсеткен медициналық мекемелерге төлемдері жүргізіліп отыр.

Қазіргі таңда Қордың Қызылорда облысы бойынша филиалының медициналық қызмет сапасын мониторингтеу бөлімі ай сайын қормен жұмыс жасап жатқан медициналық мекемелерге мониторингтік тексеруге шығып отыр, яғни науқастың қалай емделгені туралы, базада қандай мәліметпен енгізілгендігін ақпараттарды қарап тексереді. Науқастың картасын базада толыққанды көре алатын жағдайға жетті.

Қорыта айтқанда, науқастанып келген адамдарға медициналық ұйым көрсетіп жатқан медициналық көмектердің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі қор тарапынан зерделенеді. Содан кейін ғана қор медициналық ұйымдарға науқастардың емдеріне кеткен шығындары мен шығыс қаражаттарын төлейді.

Осы ақпаратқа қосымша ретінде облыс бойынша қормен жұмыс жасап жатқан медициналық мекемелермен кездесулер өткізіліп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне енгізілген өзгерістер жайында ақпарат берілуде.

Міндетті әлеуметтік медициналық жүйенің ең басты ұстанымы – халыққа қолжетімді негізде және теңдей дәрежеде сапалы медициналық көмек көрсету.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы.

01.01.-15.05.2018 жылы сыбайлас жемқорлық сипатында қаралған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сотталғандардың

ТІЗІМІ

Р/с	Сотталушының аты-жөні, әкесінің аты, қызметі	Туылған күні, айы, жылы, соттылығы	ҚК-нің бабы	істің сотта қаралған күні	Істің қысқаша фабуласы	Сот мәжілісінің қорытындысы
1	Нурпеисов Мурат Қармақшы ауандық ішкі істер бөлімінің Әкімшілік полиция бөлімшесінің азаматтық және қызметтік қару айналымы бақылау тобының инспекторы	24.08.1980 сотты болмаған	366/1/	14.03.18	25.01.2018 жылы 11 сағат 48 минут шамасында сотталушы М.К.Нурпеисов Қармақшы АІІБ-нің ғимаратының 2-ші қабатында орналасқан қызметтік кабинеттердің бірінде арызданушы Р.Сәрсенбаевтан оған қару-жарақ сатып алуға және алып жүруге рұқсат құжатын рәсімдеп беру үшін пара ретінде сұраған 40 000 теңгенің құндылығы 10 000 теңгелік үш дана, яғни 30 000 теңгесін алдын ала пара ретінде алғаны құжатталып рәсімделген.	366/1/- мемлекеттік және құқық қорғау органдарында лауазымдарды атқару және қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде, яғни 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге айыппұл жазасы тағайындалған. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 49-бабының 1-бөлігінің негізінде, сотталған Нурпеисов Мурат Қанрбекович Қазақстан Республикасы Ішкі істер органының полиция майоры сыныптық шенінен айырылған
2	Байкубеков Ернұр Қалабаевич ҚР ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігі басшысының тергеу саласы бойынша орынбасары Т.Қалжанов пен өкілдіктің аға тергеушісі Е.Байкубеков екеуі алаяқтық жолмен азамат Б.Ирюковтан ақша талап еткен.	21.09.1993 Сотты болмаған 11.01.1967 Сотты болмаған	367/3/1, 190/3/2	09.04.18		Байкубеков Ернур Калабаевич ҚК-нің 24/3, 190/3/2-тар., полиция лейтенанты арнаулы шенінен айырып, мемлекеттік қызметте лауазымдық қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 (үш) жылға бас бостандығынан айыруға. ҚК-нің 28/4, 367/3/1-тар., полиция лейтенанты арнаулы шеннінен айырып, мемлекеттік қызметте лауазымдық қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенген сомасы мөлшерінде 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) теңге айыппұл. ҚК-нің 58/3 бөлігі негізінде түпкілікті полиция лейтенанты арнаулы шенінен айырып, мемлекеттік қызметте лауазымдық қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 (үш) жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге. Калжанов Талгат Даулетович ҚК-нің 24/3, 190/3/2-тар., полиция лейтенанты арнаулы шенінен айырып, мемлекеттік қызметте лауазымдық қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 (төрт) жылға бас бостандығынан айыруға. ҚК-нің 28/4, 367/3/1-тар., полиция лейтенанты арнаулы шеннінен айырып, мемлекеттік қызметте лауазымдық қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенген сомасы мөлшерінде 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) теңге айыппұл. ҚК-нің 58/3 бөлігі негізінде түпкілікті полиция лейтенанты арнаулы шенінен айырып, мемлекеттік қызметте лауазымдық қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 (төрт) жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге.
3	Садыкова Манат Рустемовна «Амбулаториялық емханалық қызметі бар Сырдария аудандық орталық ауруханасы» МКҚК-нің дәрігері. Бұрын Сырдария аудандық сотының 16.10.2017ж. ҚК-нің 366-бабының 3-бөлігінің 4)-тармағымен ҚК-нің 55-бабын қолданып мүлкі тәркіленіп, медицина саласында және мемлекеттік органдарда басшылық қызметтер атқару құқынан өмір бойына айырып 7 000 000 теңге айыппұл жазасына сотты болған.	28.04.1968 ж.т. сотты болған.	361/2	04.01.18	сотталушы М.Р.Садыкова мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адам бола тұра, өз қызметтік өкілеттіктерін басқа адамдармен ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында, қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруді төмендегі мән-жайларда жасаған.	361/2- мүлкін тәркілеп, оған осы баппен медицина саласында және мемлекеттік органдарда басшылық қызметтер атқару құқынан өмір бойына айыра отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш 1 134 500 теңге айыппұл жазасы тағайындалып, ҚК-нің 58 бабының 6 бөлігін қолданып, оңша қатаң емес жазаны нөгұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы, Сырдария аудандық сотының 16.10.2017 жылғы үкімімен тағайындалған 7 000 000 теңге айыппұл түріндегі жазасына осы үкім бойынша тағайындалған жазаны сіңіру арқылы, түпкілікті 7 000 000 теңге айыппұл жазасы тағайындалсын.
4	Онгарбаев Ғалымжан Абдрахманович Шиелі аудандық ішкі істер бөлімінің көші-қон қызметінің басшысы	13.09.1986 Сотты болмаған	366/1	13.02.18	Шиелі аудандық ішкі істер бөлімінің көші-қон полиция бөлімшесінің бастығы Ғ.Онгарбаев Шиелі кентінің тұрғыны жеке қосіпкер А.Орынбетовтен Өзбекстан Республикасының 4 *(төрт)* азаматын тіркеу үшін 20 000 теңге *(әрқайсысына 5000 теңгеден)* пара алғандығы анықталды.	ҚР ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп тауып, мүлкін тәркілеп, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға.

Мерейлі ОТБАСЫ

ТӘРБИЕ БЕСІГІ– РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысушы Бәйменовтер отбасы сырдариялықтарға етене таныс. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, бүгінде тоқсанға таянған Рахымжан Әбдіқалықұлы зайыбы Сапура Сейітжанқызымен 9 бала тәрбиелеп, олардан 22 немере, 3 шөбере сүйіп отыр. Балалары түрлі салада еңбек етіп, ел дамуына өз үлестерін қосуда. Ұрпақтар сабақтастығын берік ұстанған әулет қашанда абырой биігінен көрініп келеді.

Берекелі шаңырақ мүшелері әркез тәрбие мен білімді қатар ұштастырып, ата-анадан көрген тәлімді сіңіріп, қиындықты еңсеруге, белестерді бағындыруға тәрбиеленген. Осы арқылы бүгінгі таңда бірталай жетістікке жеткен отбасы мүшелері ел дамуына үлестерін қосуда.

Рақымжан Бәйменов білім саласы мен партия органдарында басшы қызметтер атқарған. «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атанған ол табанды еңбек пен қажырлы қызметті ұштастыра білді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де салауатты өмір салтын ұстанып облыс, аудан көлемінде ардагерлер арасындағы жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп келеді. Ізін жалғар ұрпақтары да әке салған сара жолмен ел мәртебесі, отбасы берекесі үшін қызмет етуде.

– Өмір жолым ұстаздық қызметтен басталды. Мұғалімдіктен соң, аудандық партия ұйымында нұсқаушы, бөлім басшысы болдым. Мектеп директоры қызметін де атқардым. Ағартушылық, білім саласынан зейнеткерлікке шықтым. Отбасы – ұлы құндылық. Осындай игі шараны ұйымдастырушы жандарға алғысым шексіз, – дейді ардагер ұстаз Рахымжан Бәйменов.

Әулеттің отанасы Сапура Бәйменова «Алтын алқа», «Күміс алқа», I-II дәрежелі «Ана даңқы» ордені, I-II дәрежелі «Ана» медалі, «ҰОС жылдарында тылдағы еңбегі үшін», «ҰОС 70 жылдығы» медалімен марапатталған. Алтын жүректі анаға ең бастысы – перзенттерінің амандығы. Балаларының қызығын бірге көрген қос қария немерелерінің жетістігіне әрқашан марқайып отырады.

– Тәрбие бесігі – рухани тазалықтан басталады. Ата-ана, ең алдымен, өзара сыйластығымен, қарапайымдылығымен, қайырымдылығымен, адалдық, шыншылдығымен, уәдеге беріктігімен, рухани және тән тазалығымен ерекшеленуі керек. Яғни, жаман әдет-қылықтардан ада болса, адамгершілік қасиетімен ұрпағына өнеге бола білсе, жақсы тәрбиеге сол негіз болады, – дейді батыр ана Сапура Сейітжанқызы.

Іргелі әулетте өзіндік отбасылық құндылық қалыптасқан. Бұл ұстаным, атадан балаға мұра болып қала бермек.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
«Сыр бойы».
Сырдария ауданы.

JOMART JÚREK

ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕНДЕР

Ауылдан шыққан азаматтардың туған жерін түлетуге талаптанғанын көргенде бойыңды мақтаныш сезімі кернейді. Жомарт жүректі жайсаң жандардың ел үшін жасап жатқан игі істеріне ризашылық танытарың анық.

Теңізді ауданнан шыққан тұлғалы азаматтар осындай бастама көтеріп, елдің ықыласы мен батасын алуда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Арал қаласынан типтік жобадағы спорттық сауықтыру кешенінің құрылысын салу, аудандағы шалғай орналасқан елді мекендерге арнайы техникалық автокөліктер алып беру, Арал қаласынан «Ардагерлер үйі» ғимаратының құрылысын салу және де Шижаға елді мекеніне абаттандыру жұмыстарын жүргізу мақсатында 218 млн теңгеге ауданнан шыққан кәсіпкерлермен төрт бірдей меморандумға қол қойылған еді.

Сондай-ақ, аталған бағдарламалық мақаласын ілгерілету мақсатында аудан бойынша барша білім беру мекемелерінде іс-шаралар жоспарымен жұмыстар ұйымдастырылды. «Туған жерге тағзым – мектебіме тағзым» акциясының қарқынды жүргізілуі соның нақты көрінісі. Акция барысында білім беру ұйымдарында түлектер базасын, демеушілік көрсетушілер стендісін дайындау, акцияға белсенді қатысушыларды марапаттау шаралары өткізілді. Мектеп түлектері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан акцияда мектепке қажетті құрал-жабдықтар мен аз қамтылған балаларға қаржылай және басқа да көмектер жасап, жомарттық танытты. Солардың кейбіріне тоқтала кетсек. Арал қаласындағы №14 мектеп-лицейдің түлектері мектеп ғимаратының кіреберісіне қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізіп, проектор құрылғысын алып берді. Ал Қарақұм елді мекеніндегі №59 мектепке облыстық мәслихат депутаты А.Жұқашев 800 мың теңгеге музыкалық аппаратура алуға демеушілік жасады. Бөгендегі №20 мектептің түлектері мектеп атауын көркемдеп жаздыруға, сахналық киімдер алуға 51 мың теңге көлемінде көмек көрсетті. Олардан өзге азаматтар да қалыспады. Қамыстыбас елді мекеніндегі №21 мектепке түлектері ноутбук, Арал қаласындағы №220 мектепке Санира және Нұргүл Жанназаровалар, Р.Жанаев компьютер жабдығын сыйға тартып, Сазды елді мекеніндегі №60 мектепке облыстық мәслихат депутаты М.Жұмашев мектеп залын безендіруге демеушілік жасапты. Аманөткелдегі №73 мектеп түлектері Ж.Сәрсенбаев, Т.Дәрменов кітапханаға кітаптар және мектеп түлектері бірлесіп кондиционер алып, №177 мектептің бір кабинетін жөндеу жұмыстарына, №19 мектепке Т.Базарбаев мұражай бөлмесін жабдықтауға көмек жасаған.

Ел азаматтарының айтуынша, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табатын болады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

SHABYT

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Алматыда «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы мен «Темірбек Қараұлы Жүргенов» қоғамдық қоры, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы бірлесе отырып, республика көлемінде жазба ақындары мен прозаиктер арасында әдеби байқау жарияланған болатын. Аталған шараға Алаш қайраткері Т.Жүргеновтің 120 жылдығы, Астана қаласының 20 жылдығы, сондай-ақ, Рухани жаңғыру бағытындағы «Туған жер» бағдарламасының төңірегінде атқарылып жатқан жұмыстар арқау болды.

ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ЖҮЛДЕ

Байқаудың мақсатына сай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, көркем әдебиетті кеңінен насихаттауға көңіл бөлінді. Тақырып бойынша қалам тербеген әдебиет өкілдері Т.Жүргеновтің сол дәуірдегі саяси тұлғасын сомдап, оның оқу-ағарту және мәдениет саласына сіңірген орасан зор еңбегін шығармашылық туындылары арқылы баяндады.

Сол бір солақай саясат салдарынан жазықсыз жаза тартқан Алаш қайраткерінің асыл арманы бүгінгі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен үндесіп жатыр. Сондықтан жаңа туындылардан оның ұлт мұрасын қорғаудағы көсемдік келбеті көрініс тапты.

Байқауға 14 ақыннан 23 өлең, 8 жазушыдан 9 прозалық шығарма түскен болса, қазылардың саралауымен үздік туындылар анықталып, қаржылай жүлделер табысталды.

Айталық, ақындар мүшәйрасы бойынша байқаудың бас жүлдесі – 300 мың теңгені Қажи Серікжан қанжығасына байласа, жерлесіміз Толыбай Абылаев I орынның 200 мың теңге жүлдесін жеңіп алды. Сондай-ақ, прозаиктер байқауында бас жүлде «Темірше» әңгімесінің авторы, жазушы А.Кемелбайға бұйырса, I орынды «Темірбекті атқан жендет» әңгімесі үшін Е.Айғалиұлы еншіледі.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

TALANT

Бүгінде ерекше мәнерлі әнші Димаш Құдайбергеннің есімі төрткүл дүниеге таралды. Нағыз елшіл азаматтар өзінің өрлеген атақ-даңқымен туған еліне қызмет етуге құштарланатыны дәлелді қажет етпесе керек. Өйткені, туған елдің қасиетінен биік ештеңе болмақ емес. Жақында ол ҚР Мәдениет және спорт министрі атынан «Қазақстан Республикасының туризм жөніндегі елшісі» мәртебесін иеленді.

ДИМАШ — ТУРИЗМ ЕЛШІСІ

Оның құжатын Ақтөбе қаласында әншінің «Димаштың Отаны» атты турға қатысушы 10 мемлекеттен келген топтардың жетекшілерімен кездесу кезінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Рашид Күзембаев табыстады.

– Бір жарым ай бұрын футболист Месси әлем туризмінің елшісі атанды. Біз де Димашқа қазақстандық туризм елшісінің сертификатын ұсынып отырмыз. Ол өз елінің патриоты,– деді осы сәтте басқарма төрағасы.

Миллиондардың сүйіктісі болған «Барселона» ойыншысы Лионель Месси әлемдегі ең алғашқы Finney криптосмартфонын жасаумен айналысатын Sirin Labs компаниясының елшісі атанған еді.

Израильдік кәсіпкерлермен бірлесе отырып, қазақстандық бизнесмен негізін қалаған компания биылдан бастап блокчейн технологиясымен жұмыс істейтін смартфондар шығара бастайды.

Ал, Димаш Құдайберген туризм елшісі ретінде Қазақстанды халықаралық деңгейде ілгерілетуді және әлемнің түкпір-түкпірінен өз тыңдармандарын елімізді көруге шақыруды белсенді түрде жалғастырады.

Ол өз концерттерінде және БАҚ көздерінде әрқашан фанаттарын Қазақстанға шақырып жүреді. Турдың идеясы да осыдан шыққан. Ал маршрут құрамына шетелде үнемі айтып жүретін туған қаласы – Ақтөбе, елордамыз Астана және ең үлкен қаламыз Алматы кірді.

Жалпы тур әншінің балалығы, шығармашылығымен байланысты жерлерге баруды мақсат етеді. Тур маршруты әншінің Ақтөбедегі мектебін көруді, артистің жақындары және туыстарымен түрлі кездесулерді, Димаштың ұстазы әрі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Марат Әйтімовтің шеберлік сабағы және тағы басқа шараларды қамтиды.

Ал осы турлардан түскен қаржының бір бөлігі келешекте әншінің брендін әлемдік деңгейде одан әрі нығайтуға және өрлетуге бағытталады.

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

BAIQAÝ

БИШІ БАЛАЛАРДЫҢ БИІКТІГІ

Мамыр айының соңғы күндері Алматы қаласындағы Орталық демалыс саябағында дәстүрлі «Бозторғай» балалар шығармашылығы халықаралық конкурсы бар сән-салтанатымен өтті. Биыл жиырмасыншы рет өткен конкурсқа әртүрлі жанр бойынша Қазақстанның барлық аймақтарынан және Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Украина, Армения, Грузия, Әзербайжан, Литва, Латвия, Болгария, Италия, Чехия елдерінен келген 800-ге жуық өнерпаз қатысып, бақ сынады. Ал 1 маусым күні гала-концерт өтіп, онда конкурс жеңімпаздары өнер көрсетті.

Осы гала-концертте 11-13 жас аралығындағы балалар тобында 1-ші орын алған Қызылорда өнер мектебінің «Балбұлақ» халықтық үлгілі би ансамблі де болды. Осы ансамбльдің көркемдік жетекшісі Әсел Ыдырысованың айтуынша конкурстың алғашқы айналымында біздің өнерпаздар ұлттық қазақ биі жанрында «Мәңгілік ел балалары» биін билесе, екінші күні «Нео қазақ» бағытында «Ұлы дала рухы» биін қойған. Осы екі қойылымда да ансамбль құрамындағы 32 бала толық қатысқан. Осылайша таланттар тайталасында өнерлерімен қазыларды тәнті қылған ұл-қыздарымыз өз топтарында 1 орын алып, Болгарияда өтетін «НИЕ-XXI век» өнер фестиваліне жолдамаға ие болды.

Әсел Бекзатқызы осы орайда «Бозторғай» балалар шығармашылығы халықаралық конкурсына қатысу, абыройлы, мәртебелі іс болып саналатынын жеткізді. «Бозторғай» лауреаты атану, Қазақстан жас таланттарына өнер әлеміне өмірлік жолдама береді. Сонымен бірге, ол «Балбұлақ» би ансамблінің 19 жыл бойы көркемдік жетекшісі болған Ақмарал Қойшығұлованың атына жылы лебіздерін арнады.

Тағы бір жағымды жаңалық, «Балбұлақ» би ансамблі облыстық «Бозторғай» конкурсында үздік өнерімен «Burabay Summer Fest» балалар мен жасөспірімдер телевизиялық фестиваліне де жолдама алған болатын. Бұл фестивальға басқа да номинациялар бойынша облысымыздың жас өнерпаздары қатысады. Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Бурабай демалыс аймағында өтетін бұл шара Астана қаласының 20 жылдығына арналады. Бурабайдан кейін жас өнерпаздар Астана қаласындағы гала-концертке қатысады деп күтілуде.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ПЕЙІШ БОЛСЫН МЕКЕНІҢ...

Осыдан 40 күн бұрын ардақты бауырымыз, отбасының тірегі, аяулы жар, балаларының асыл әкесі Өтеген Керимов өмірден өткен еді.

Өтеген Керимов 1947 жылдың 25 желтоқсанында Жалағаш ауданының Иіркөл ауылында өмірге келген. 1970 жылы Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын инженер-электрик мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолында Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында, Алматы және Астана қалаларындағы бірқатар мекемелерде басшылық қызметтер атқарған. 1971-1974 жылдары Қызылорда қаласында өндірістік оқу шебері, аға шебер, №69 кәсіптік-техникалық училищесінде директордың орынбасары, облыстық білім басқармасы кәсіптік-техникалық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, 1974 жылы Алматыдағы облыстық білім басқармасында аға әдіскер, №41 кәсіптік-техникалық училище директорының орынбасары, 1977-1982 жылдары республикалық инспекция басшысының орынбасары, ҚазССР мемлекеттік кәсіптік білім республикалық оқу-әдістемелік басқармасының директоры, 1984 жылы №15 КТУ директоры қызметтерін атқарған. Саналы ғұмырын кәсіптік-техникалық білімге арнаған ол осы саланың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі және бірнеше марапаттарға ие болды.

Қоғамдық өмірге белсене араласқан ардақты жан 1985-1989 жылдары Алматы қаласы Алатау аудандық Халық депутаттары кеңесінің депутаты болды. 1996-1997 жылдары «Риза» ЖШС бас директорының орынбасары, 1997-1999 жылдары «Байорда» ЖШС-да менеджер, 1999-2000 жылдары Астана қаласындағы «Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында білікті білікті жетілдіру институты» РМК-да әдіскер, 2000-2007 жылдары Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеттің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК-да бөлім басшысы қызметтерін абыройлы атқарды.

Ардақтымыз көзінің тірісінде айналаға сыйлы, ардақты әке, ұлағатты ұстаз, қадірлі ата болды. Білімі мен парасатының арқасында басшылық қызметтер атқарды. Қай лауазымға тағайындалса да, адамгершілігі мен қарапайымдылығын жоғалтпады. Осылайша кісілік келбет пен тұлғалық тұрпаттың биік үлгісін көрсете білді.

Өтеген Керимовтің өмірден өткеніне 9 маусым күні 40 күн толуына орай артында қалған өмірлік зайыбы мен балалары еске алып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жұмақта болсын деп дұға етеді.

Еске алушылар: зайыбы, балалары, апасы Халипа және жиендері.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52
телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады.

Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(6-2)

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы Студенттер сарайының директоры Жұмабай Елкеевке анасы

Тұрсынқұл Елкееваның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Кезекші редактор **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30315
Тапсырыс №880

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz